

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК	
ГККП «МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР» АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ	
Шығыс (Исходящий) №	2218
« 11 » 12	20 24 ж./г.

Білім беру ұйымдарының басшыларына

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК 2024 жылдың 26 желтоқсан күні сағат 9.00-де ақын, халық жазушысы, қоғам қайраткері **Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толуына** орай ұйымдастырылған **«Фариза Оңғарсынова шығармашылығы: ұлт руханиятына қосқан үлесі»** республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтетінін хабарлайды.

Осыған орай, аталған шараға Ережеге сәйкес педагогтердің қатысуын қамтамасыз етуіңізді сұрайды.

Өтетін орны: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 22/1, «Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК.

Қосымша: 5 п.


Басшы



С. Дауешова

_____ желтоқсан 2024 жыл

№ _____ хатқа қосымша



**«Фариза Оңғарсынова шығармашылығы: ұлт руханиятына қосқан үлесі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізу туралы
АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

Құрметті әріптестер!

2024 жылдың 26 желтоқсан күні ақын, халық жазушысы, қоғам қайраткері **Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толуына** орай ұйымдастырылған **«Фариза Оңғарсынова шығармашылығы: ұлт руханиятына қосқан үлесі»** республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысуға шақырамыз.

Мақсаты: Фариза Оңғарсынова шығармаларының тәрбиелік мәнін өскелең ұрпаққа насихаттау, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарытудағы педагогтердің инновациялық әдіс-тәсілдері мен тәжірибесін тарату, шығармашылық әлеуетін арттыру.

Ұйымдастырушылар: Астана қаласының Білім басқармасы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК, Астана қаласы әкімдігінің «Ф. Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

Конференция қатысушылар: қоғам және мемлекет қайраткерлері, ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері, БАҚ өкілдері, жалпы орта білім беру ұйымдарының басшылары, педагогтері. Қатысушының жасына, еңбек өтіліне шектеу қойылмайды.

Өту тілі: қазақ тілі

Өту форматы: офлайн, онлайн (әлеуметтік желілер арқылы трансляция)

Ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізу тәртібі:

Өтетін уақыты: 2024 жылы 26 желтоқсан күні сағат 09.30-да, тіркеу 09.00 - 09.30-ға дейін.

Өтетін орны: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 22/1, «Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК.

Конференция бағыттары:

1. «Ф. Оңғарсынова поэзиясы: нәзіктік пен қайсарлық» (қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндері мұғалімдері қатысады)

2. «Фариза поэзиясы: ұлттық мүдде және жаһандық бағытта зерттеу мәселелері» (әдіскерлер, білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары, жалпы орта білім беретін пәндер бойынша педагогтер)

3. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» және ұлттық құндылықтар бағыты (білім беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері)

Ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысу тәртібі:

1. Конференцияға ұсынылған баяндамалар қатысушының педагогикалық инновациялық тәжірибесімен байланысты болуы тиіс. Материалдың тақырыбы көрсетілген бағытпен мазмұндас, тәжірибелік, әдістемелік сипатта болуы, жалпыға танылған ғылыми дәлелдерге, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына қайшы келмеуі керек.

2. Конференцияға онлайн не офлайн қатысуға болады. Қатысушы жұмысын қорғауға 5 минут уақыт беріледі.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысу үшін Өтінім мен қатысушының талапқа сай баяндамасы, презентациясы 2024 жылдың 21 желтоқсанына дейін көрсетілген электронды мекенжайға (din_24_11@mail.ru) жіберілуі тиіс. Туындаған сұрақтар бойынша +77787067582 (Мукажанова Диана Каламбаевна) ұялы телефонына хабарласа алады.

3. Ұйымдастырушылар көрсетілген талапқа сай келмейтін, плагиатқа тексеру барысында авторлық құқықты бұзған жұмыстарды қабылдамайды және кері қайтармайды.

4. Қатысушының жұмысы 2-қосымшада берілген критерийлер арқылы сарапталады. Сараптамадан өткен жұмыс конференцияға жіберіледі.

5. Семинар-конференцияның секциялық жұмыстарына қатысқан баяндамашылар сертификаттармен марапатталады.

Баяндаманы рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- баяндама мәтіні А4 формат бойынша 4 парақтан кем, 5 парақтан артық болмауы керек;
- баяндаманың тақырыбы әртүрлі болуы мүмкін, бірақ бағыттың тақырыбына сәйкестендірілуі керек;
- MS Word мәтіндік редакторда Times New Roman шрифтімен, кегл – 14, жоларалық интервал – 1 см, жоғарыдан – 2 см, төменнен – 2 см, сол жағынан – 2,5 см, оң жағынан – 1,5 см жазылуы керек;
- жұмыстың басына баяндама тақырыбы бас әріппен қою шрифтімен, одан кейін автордың аты-жөні, жұмыс орны, пәні, лауазымы, санаты, атағы жазылады.
- бір жол тасталып, негізгі жұмыс мәтіні жазылады.
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі (10-нан кем емес) баяндаманың соңында бір жол тасталып, әліпби ретімен жазылады.
- жұмысты электронды мекенжайға жібергенде құжат автордың тегімен аталуы міндетті.

Презентацияны рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- слайдтар саны 5-7-ден аспауы;
- тым көп ақпаратпен толтырылмауы, негізгі ақпараттар графикалық мәтіндер түрінде болуы;

- презентация баяндамашының ойын, тақырыбын, инновациялық тәжірибесін нақты көрсететіндей болуы;
- презентация эстетикалық талғамға сай, 3 түстен аспайтындай түстерді қолдану;
- презентацияда тақырып, мақсат, міндет, негізгі ақпарат, тәжірибе, нәтиже, қорытынды жазылуы;
- мәтіннің оқылуы оңай болуы үшін фон мен шрифт түсі қарама-қарсы болуы;
- Times New Roman шрифтiсiмен 24-54 кегльмен тақырыпты, 24-36 кегльмен ақпараттарды жазуы;
- бiр слайдтағы ақпарат 20-22 сөзден аспауы тиiс.

Семинар-конференция қорытындысы:

Спикерлер мен модераторлар Әдістемелік орталығының Сертификатымен марапатталады. Сертификаттардың электронды нұсқасы жіберіледі.

Ескерту: кешіктіріліп жіберілген, талаптарға сай келмейтін жұмыстар қабылданбайды, ауыстырылмайды, қайтарылмайды.

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталық» МКҚК
басшысы С. М. Дауешоваға
(мекеме атауы, мекеме басшысынан)

Сұраныс

Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Фариза Оңғарсынова шығармашылығы: ұлт руханиятына қосқан үлесі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысуға рұқсат етуіңізді сұраймын.

1	Қатысушының аты-жөні, тегі (құжат бойынша)	
2	Лауазымы, пәні	
3	Жұмыс орны (ресми атауы)	
4	Қатысу түрі (онлайн, офлайн)	
5	Баяндама тақырыбы	
6	Конференция бағыты	
7	Байланыс телефоны (Whatsapp нөмірі)	
8	E-mail	

Баяндама мазмұнын сараптау критерийлері:

1. плагиаттың болмауы (антиплагиатпен тексеріледі, жұмыстың 85 %-ы плагиат болмауы шарт);
2. **жаңашылдық:** автор шығармашылығын таныту мен насихаттауда өзіндік идеясының болуы, жаңа технологияны қолдануы немесе білім алушыларға тиімді үйретудің жаңа әдістерін ұсынуы;
3. **өзектілік:** ғылыми-тәжірибелік мәселені шешуге жарамды болуы;
4. **тәжірибелік:** баяндамаға тәжірибеде қолданылған педагогикалық құралдардың кіріктірілуі, қолжетімділігі;
5. **мазмұны:** ұсынылған тақырыпқа, оқу бағдарламасына, ұйымдастырушылар ұсынған талаптарға сай келуі;
6. **әдістемелік:** берілген ұсыныстардың/ шешімнің оқу- тәрбие үдерісіндегі тиімділігі;
7. **креативтілік:** педагог қолданып жүрген өзіндік элемент, нысандарының болуы;
8. **дәлелді:** интерпретацияланған тұжырымдар, статистикалық мәліметтердің болуы қажет.